



ӨМІРЗАҚ СҰЛТАНҒАЗИН АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КОСТАНАЙСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ УМИРЗАКА СУЛТАНГАЗИНА

**МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ 125 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН
“АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМУЫ КОНТЕКСТІНДЕГІ БІЛІМНІҢ РӨЛІ”**

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ



МЕЖДУНАРОДНАЯ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ

**К 125 ЛЕТИЮ МАГЖАНА ЖУМАБАЕВА
“РОЛЬ ОБРАЗОВАНИЯ В КОНТЕКСТЕ РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО
КАПИТАЛА”**

23 қараша 2018 ж., Қостанай қ.
23 ноября 2018 г., г. Костанай

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

А 32

**РЕДАЦИЯ АЛҚАСЫ
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

Әбіл Еркін Аманжолұлы, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;

Медетов Нурлан Амирович, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми жұмыс және стратегиялық даму проректоры, физика – математикалық ғылымдарының докторы;

Мусабекова Гульвира Айдархановна, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің академиялық жұмыс және әлеуметтік мәселелері жөнендегі проректоры, педагогика ғылымдарының кандидаты;

Ахметов Тлеген Альмуханович, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;

Аманжол Күзембайұлы, тарих ғылымдарының докторы, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің профессоры;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтының профессоры (Мәскеу, Ресей)

Оспанов Серикбай, филология ғылымдарының кандидаты, педагогика кафедрасының аға қызметкері;

Айдналиева Назгуль Аманжоловна, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психология-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;

Утегенова Бибигуль Мазановна, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;

Мнайдарова Светлана Сейтжановна, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушы, педагогика ғылымдарының кандидаты;

Калиев Дастан Дуйсенұлы, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі.

**«АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМУ КОНТЕКСТІНДЕГІ БІЛІМНІҢ РӨЛІ» = «РОЛЬ
ОБРАЗОВАНИЯ В КОНТЕКСТЕ РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО КАПИТАЛА».** –

А 32

Қостанай, 2018. – 244б.

ISBN 978-601-7934-59-0

«Адами капиталды даму контекстіндегі білімнің рөлі» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары осы жинаққа енгізілген.

Мақала авторлары: жоғарғы оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер адами капиталды даму контекстіндегі қазіргі заманауи білім берудің өзекті мәселелерін айқындады, тәрбие жүйесінің өскелең ұрпақтың басымдықтары мен құндылықтар бағдарын қалыптастырудағы шешуші рөлін көрсетті, білім берудің жаңа міндеттеріне сәйкес педагогтардың кәсіби шеберлігін жетілдірудің қажеттілігін негіздеді.

Аталған жинақ жоғарғы оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналған.

В сборник включены материалы международной научно-практической конференции к 125 летию Магжана Жумабаева «Роль образования в контексте развития человеческого капитала».

Авторы статей: преподаватели вузов и колледжей, учителя школ и научные сотрудники отразили актуальные проблемы современного образования в контексте развития человеческого капитала, показали ключевую роль системы воспитания в формировании ценностных ориентаций и приоритетов подрастающего поколения, обосновали необходимость совершенствования профессионализма педагогов в свете новых образовательных задач.

Настоящий сборник предназначен для преподавателей вузов и колледжей, учителей школ и научные сотрудники.

**ӘОЖ 37.0 (063)
КБЖ 74.00**

ISBN 978-601-7934-59-0

©Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2018

©Костанайский государственный педагогический университет, 2018

түзету жұмыстарының жүйесін құру. Дамыта оқыту технологиясы-баланы оқыта отырып, дамыту бала бойындағы еркіндік, мақсаткерлік, ар намыс, мақтаныш, сезім, дербестік адамгершілік, еңбексүйгіштілік, белсенділік т.б. қасиеттерін дамыту. Монтессори технологиясы- Монтессори технологиясының негізгі принципі-балаға өзін-өзі тәрбиелеуге, өз бетінше оқуға, өз бетінше дамуға жағдай жасау. Жаңа оқытудың технологиясына мән беріп қарасақ, педагогикалық технологиялар мынадай төрт негізгі шартты қанағаттандыруы тиіс:

-Оқытудағы педагогикалық эксперименттерді жою;

-баланың танымдық қызметінің құрылымы мен мазмұнын анықтайтын оқу тәрбие процесінің жобасын негіздеу;

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы орта білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты. Қай халықтың, қай ұлттың болсын толығып өсуіне, рухани әрі мәдени дамуына басты ықпал жасайтын тірегі де, түп қазығы да – мектеп. Мектептердің білім деңгейін көтеру және онда интерактивті құралдарды пайдалану арқылы оқу – тәрбие процесін тиісті деңгейге көтеру, мектеп ұстаздарының, басшыларының, педагогикалық ұжымның жүйелі басшылыққа алған бағыты деп есептейміз.

Ақпараттық технологияның келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол.

Қорыта айтқанда, оқушыларыдың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда, өз бетінше жұмыс жасауды білімді өз бетімен игерудің маңызды екенін ұқтық. Оқушылар жаңа жүйелі оқу әдістері арқылы ізденгіш зерттелген шығармашыл, проблемаларды өздігінен шеше алатын қиын жағдайларда тығырықтан шығу жолдарын таба білетін, функционалды сауатты тұлға ретінде қалыптасады. Сонымен қатар, өздігінен ана тілді оқу барысында оқу материалының жүйелі түрде меңгерту, грамматикалық схеманы шешу, іздену, салыстыру, зерттеу, әртүрлі шығармашылық жұмыстарды өз бетінше жұмыс орындау барысында меңгереді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» Жолдау.
2. Б.А. Тұрғынбаева. «Дамыта оқыту технологиялары» // Алматы, 2000 ж.
3. Құдайбергенова К.С. Инновациялық тәжірибе орталығы – педагогикалық технология көзі // Алматы 2001 – 75 б.
4. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде // Алматы – 2006ж. 4-5 бет.
5. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім // Қазақстан мектебі № 4. 2008ж

МАҒЖАННЫҢ МАРЖАН МҰРАСЫ

Султанова Айгуль Сартаевна
қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі
«Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің
физика-математикалық лицейі» ММ
E-mail: aygosha@mail.ru

Аннотация

Өзектілігі: Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығын таныту арқылы оның ақындық тұлғасы мен философиялық ойларынан нәр алу. Мағжан Жұмабаевтың педагогикалық еңбектеріндегі оқушылардың тәлім-тәрбиесінің басты ерекшелігі тұрмыс-тіршілікпен тығыз байланыстырылғанында. Ұлттық тәрбиенің ұрпақ үшін берері орасан зор. Әсіресе, тәрбиелік бағыттағы іс-шараларды тағылымды етіп өткізу ұстаздың қарым-

қабілетіне көп байланысты. Менің тақырыбымдағы негізгі ой да осы, яғни ұлы тұлғаның еңбектеріне көз жүгірте отырып, ұрпақ тәрбиесінің ұлттық жаңа үлгісін жасауға деген ұмтылыс және әдістемелік жұмыстарды жетілдіру. Мұғалімдік ортада біте қайнасып жүріп түйген ойым, қазіргі кезде жаңаша педагогикаға ерекше көңіл бөлу керектігін айтқым келеді.

Мақсаты: Мағжан Жұмабаевтың педагогикалық идеяларын пайдалана отырып егеменді еліміздің ертеңі жас ұрпақты әдепті, адамгершілігі жоғары, халқымыздың рухани байлығын бүгінгі күн талабымен ұштастыра отырып, ұлттық тәрбиені ұрпақ санасына қалыптастыру.

Аннотация

Актуальность. Знакомство с поэтической личностью и философскими идеями Магжана Жумабаева, отразив жизнь и творчество. Творчество Магжана Жумабаева служит примером высокой духовности и гражданственности, любви к своему народу.

Литературное наследие Магжана Жумабаева выдержало испытание временем, оно органически вошло в историю казахской поэтической культуры, составив наряду с творчеством других классиков ее неотъемлемую часть.

Цель: Использовать педагогические идеи Магжана Жумабаева, чтобы довести национальное образование до сознания поколений так как будущее нашей суверенной страны заключается в создании достойного, в сочетании с духовными устремлениями морального человечества.

Abstract

Relevance. Acquaintance with the poetic personality and philosophical ideas of Magzhan Zhumabayev, reflecting the life and work. Magzhan Zhumabayev's work is an example of high spirituality and citizenship, love for his people. The literary heritage of Magzhan Zhumabayev has stood the test of time, it organically entered the history of Kazakh poetic culture, making it an integral part along with the work of other classics.

Goal. Use the pedagogical ideas of Magzhan Zhumabayev to bring the national education to the consciousness of generations, as the future of our sovereign country is to create a decent, combined with the spiritual aspirations of moral humanity.

Түйінді сөздер: ақын, ұрпақтың тәрбиесі, ұлы тұлға, еңбектері, педагогика, тәрбие, ұлттық мұра, рухани байлық.

Ключевые слова: поэты, поколения, великая личность, произведения, педагогика, воспитание, национальное достояние, духовное богатство.

Keywords: poets, generations, great personality, works, pedagogy, education, national wealth, ecclesiastical wealth.

Мағжан Жұмабаевты білмейтін қазақ жоқ шығар, сірә. Алдымен біз оны ақын деп таныдық. Алайда аудармасын былай қойғанда Мағжанның педагогикалық бағытта сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Тұңғыш ұстаздық жолда жарық көрген “Бастауыш мектепте ана тілі”, “Сауатты бол”, “Педагогика” атты оқулықтарын алар болсақ, бұл еңбектерінің маңызы әлі күнге келер ұрпақтың тәрбиесі үшін орны ерекше.

Оқу-ағарту ісіне мейілінше еңбек еткен ұлы тұлға Мағжан Жұмабаев етене зерттеп, этно педагогиканың да негізін салды. Орыс, батыс педагог-психолог ғалымдарының еңбектеріне үніліп, ол тәрбиенің ұлттық ерекшеліктерін «Педагогика» атты оқулығында былайша сипаттаған екен: «Тәрбие ғалымдарының пікірлерін тандап алуға ұмтылдым. Шамам келгенше қазақ жанына қабыстыруға тырыстым... Бізде бұрын пән тілі болмағандықтан түрлі терминдерге тап басқанда қазақша сөз табу көп күшке тиді. Қалайда курстарда оқыған мұғалімдердің жәрдемімен таза орыс сөздерді қазақшаға айналдырылды. Ал енді жиһан тілі болып кеткен сөздерді қазақшаға аударам деп азаптануды тиіс таппадым»[1].

Мағжан тәрбиеші-мұғалімнің дәрежесін бәрінен де жоғары қойған. «Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім. Алты Алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын –

мұғалімдердікі» деген аталы сөзі осыны ұғындырған. Мұғалім мәртебесін Мағжандай көкке көтере дәріптеуші аз. Оның «Педагогика» кітабында тәрбие түрлері тәптіштеп талданған. «Тәрбие, – дейді ұлы ұстаз, - кең мағынасында алғанда қандай да болса бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз. Ал, енді, адамзат туралы айтқанда адамның баласын, кәміл жасқа толып, өзіне-өзі қожа болғанша тиісті азық беріп, өсіру деген мағынада жүргізіледі». Мағжан Жұмабаевтың тәрбие жөніндегі көзқарасы төрт түрлі: дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі һәм құлық тәрбиесі. Оның ойынша, тәрбие ісіне үлкен жауапкершілікпен қарау маңызды. Іргелі мәселеде ата-ана мен тәрбиешіге жүктелер міндеттің жүгі ауыр. «Бала адам болсын дейтін ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын. Бала аурулы, зағип болса балада немес, тәрбиешіден. Бала тар ойлы ақымақ болса, бала кінәлі емес, тәрбиеші кінәлі. Бала сұлулықтан ләззат ала білмейтін мылқау жанды болса, бала айыпты емес, тәрбиеші жазалы. "Бала істеген жауыздықтың жазасын тәрбиеші көтерсін» дейтін Иран елінің мәтелі шын, дұрыс мәтел» – деген кеменгер педагог. Тәрбиенің тереңіне үңілген және мақсатын жан-жақты дәйектеген ұстаз адамның, ұлттың, асса адамзат дүниесін бақытты қылу тәрбиенің алтын арқауы екенін қадап айтады. Сонда тәрбиедегеніміз не өзі? Бала тәрбиесі бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер, жеке бір ғылыми есі болуды тілейтін өнер екендігі «Педагогика» еңбегінде тиянақты баяндалады. Сондықтан әрі қиын, әрі күрделі өнерді жеткілікті игеру екінің біріне беріле бермейді. Ендігіде, тәрбие пәнімен жете таныс болу әр ұстаздың өмірлік парызы болуы міндет. Мағжан Жұмабаевтың пікірінше тәрбие пәні - педагогика. Педагогика – адамның денесі мен жанын дұрыс тәрбиелеу қағидаларын үйрететінілім. Олай болса, бала тәрбиешісі ең алдымен адамның денесі мен жанының жайынан хабар беретін басқа да пәндерді тиянақты білуге міндетті. Осы орайда, Мағжан Жұмабаев дене және жан пәндерін жіліктеп талдап, әрқайсысына жеке-жеке тоқталады. Ұстаз дене пәндерін қамтитын анатомия, физиология, гигиена, гимнастика салаларын жіті білуі қажет. Оның үстіне Мағжан Жұмабаевтың еңбектерінен мұғалімнің жан туралы психология, логика, этика пәндеріне көңіл бөлгені абзал екенін көреміз. Оның үстіне ұлы ұстаз аталмыш пәндерді бір-біріне қоса отырып, оларды жеке де даралап, саралап түсіндіреді.

Ұстаздық көзқарасын саралай келе Мағжан Жұмабаевтың педагогикалық бағытты бөлек-бөлек 5 негізгі түрге бөлгенін көреміз. Яғни, жалпы педагогика, адамның дене һәм жан күштерін тәрбие қылу жолдарын көрсететін бірінші бөлігі. Екіншіден, дидактика. Ол оқытудың негізгі жолдарына бастайды. Үшінші, методика. Бұл баланы оқытудың басты жолдарына із көрсетіп, белгілі бір пәнді қалай меңгерту қажет деген сауалға жауап береді. Мәселен, мектепте қазақ тілі пәнін қалай оқыту керек екендігін үйрететін пән - қазақ тілінің методикасы деп аталады. Төртінші жолы, білім ошағын басқару. Бұл пән мектеп қалай салынуға, қалай басқарылуға тиісті, сынақтарға шәкірттерді қалай бөлу керек, оқу уақытын қалай белгілеу керек деген сынды жолдарға сілтеме жасайтын бағыты. Ал соңғы бесіншісі, педогогика тарихы. Аталмыш ілім өткен мен болашақты ескере отырып әр қоғамдағы тәрбиеге адамзат қалай қараған, қандай жолдармен жүрген, тәрбие дүниесінде қандай білімпаздар өткен, олар қандай жаңа жолдар тапқан. Педогогика тарихы осыларды баяндайды. [2, 187]

Ұлттың қалыптасуы ұрпақтың тәрбиесіне тікелей байланысты. Осыны ұғынып ерекше ықыласпен келешектің тамыры түзу ағаштай бой түзеп, кемел болашақтың тізгінін сенімді ұстауы үшін тер төккен Алаш Орда қайраткері, Абайдың жолын қуған дарынды ақын, "Мен жастарға сенемін" деп ұрандатқан белгілі ұстаз Мағжан Жұмабаевтың ұстанымы берік болған. «Бала берік денелі болса, түзік ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сикырлы әуен, әдемі түрден ләззат алып, жан толқындырарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса ғана адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы...» – дейді ол тәрбие мақсатын айқындай түсіп. [1,100]

Оның ойынша балаға дұрыс тәрбиені әрбір мұғалім, ата-ана тәрбие жолын ешкімнен үйренбей-ақ, еш тәрбиені оқып білмей-ақ өз бетімен бере алмайды. Сөзімізге дәлел ретінде

Мағжан Жұмабаевтың мына пікірін келтіре кетейік: «Баланы дұрыс тәрбие қылу үшін әркімнің өз тәжірибесі жетпейді. Басқа адамдардың тәжірибесімен танысу керек. Сол басқа адамдардың майданындағы тәжірибелерін көрсеткен жеке бір пәнмен, яғни тәрбие пәнімен таныс болу керек». [1,99] Біз үшін ұлы тұлғаның осы бір еңбектеріндегі ұстаздық-тәлімгерлік идеялары өте құнды дүниелер болып табылады.

Демек, осы ұлы ақынның айтқанынан, болашақ мұғалімді, болашақ ата-ананы отбасы тәрбиесіне даярлау қажет деген ой түюге болады. Ғұлама ақынның ойынша, әрбір ұлттың бала тәрбиесі туралы бұрыннан келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақ-тақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті, және әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбиелеуге міндетті дей отырып, жастарды тәрбиелегенде ұлт тәрбиесінің негізінде тәрбиелеу арқылы, ұлттық құндылықты бойына сіңіре білгенде ғана, ол рухани бай, сол заманға лайық, елі, Отаны үшін қызмет етуге дайын болып шығатынын көрсетеді. Ақын сонымен бірге, ұлт тәрбиесін түгелімен дұрыс деуге болмайтындығын, олардың арасынан жақсы мен жаманын, алтын мен мысын айырып ала білу үшін тәрбие майданында шынығып ысылған тарландардың тәжірибелерімен, түрлі ұлттан, түрлі заманда шыққан тәрбие ғалымдарының ой-пікірлерімен таныс болуы тиіс деп ойлаған. Бүгінгі таңда мектептегі оқып жатқан жас ұрпақты ел жандылыққа тәрбиелейтін тағылымды тәлім-ұлттық рухта тәрбиелеу мен оқыту. Халқымыздың ұлттық мұрасын оқу – тәрбие ісімен сабақтастыру басты парызымыз. Осы тұрғысынан сыныптан тыс шараларда халықтық педагогиканың үлгілерін үнемі пайдаланып отырсақ жақсы болар еді.

Қазіргі уақытта бүкіл оқу-тәрбие жүйесі халықтық педагогикаға негізделіп, қайта құрылып жатыр. Осы орайда кенжелеп қалған ұлттық салт-дәстүр, ерекшелігімізді насихаттау, баланың ауызекі сөйлеу тілін дамытып, олардың бойында қазақи психологияны қалыптастыру – әрбір ұстаздың міндеті деп санаймыз. Ұрпақ тәрбиесіндегі халықтық педагогиканың рөлі ерекше. Сол ерекшелік өткен тарихымыздағы Мағжандай ұлы ақын, ел келешегі үшін тер төккен ұстаздың халық педагогикасындағы орнын айқындауды қажет етеді. Ол біздің оқушыларымыздың ой-өрісін, биік адамгершілік тұлғасын қалыптастыруға көп көмегін тигізеді. Ұмыт болған халқымызға тән ұлттық асыл қасиеттеріміз қайта жаңғырып жатқан уақытта ел мұраларын тарихи және қазіргі педагогикамен ұштастыру аса маңызды. Мағжан Жұмабаевтың педагогикалық еңбектеріндегі оқушылардың тәлім-тәрбиесінің басты ерекшелігі тұрмыс-тіршілікпен тығыз байланыстырылғанында. Ұлттық тәрбиенің ұрпақ үшін берері орасан зор. Әсіресе, тәрбиелік бағыттағы іс-шараларды тағылымды етіп өткізу ұстаздың қарым-қабілетіне көп байланысты. Менің тақырыбымдағы негізгі ой да осы, яғни ұлы тұлғаның еңбектеріне көз жүгірте отырып, ұрпақ тәрбиесінің ұлттық жаңа үлгісін жасауға деген ұмтылыс және әдістемелік жұмыстарды жетілдіру. Мұғалімдік ортада біте қайнасып жүріп түйген ойым, қазіргі кезде жаңаша педагогикаға ерекше көңіл бөлу керектігін айтқым келеді. Мағжанның "Педагогика" оқулығын пайдалана отырып, ата-бабаларымыздың жақсы дәстүрін шәкірттер бойына дарыту үшін тәрбие сағаттарымызда мақал-мәтелдерді, шешендік сөздерді, аңыз-әңгімелерді жиі мысалға келтіріп, ұлылардың айтқан даналық сөздерін ұрпақ санасына сіңіруді қалыптастыру қажет. Көптеген халықтар өз ұрпағын өз халқының қағидаларымен тәрбиелейді. Ендеше, егеменді еліміздің ертеңі жас ұрпақты әдепті, адамгершілігі жоғары болып өссін десек, ұлттық тәрбие тағылымын басшылыққа алып, халқымыздың рухани байлығын бүгінгі күн талабымен ұштастыра білсек ғана ұлттық тәрбиенің берері көп.

Педагогика мен психологияны терең зерттеп Мағжан мақсаты, мазмұны, әдістерін айқындай келе, ұлттық салт-дәстүрлер арқылы балаға ақыл-ой, адамгершілік, әсемдік, дене, денсаулық, еңбек тәрбиесін қалыптастыру нәтижесінде «сегіз қырлы, бір сырлы» жаны таза, дені сау, адам қалыптастыру мүмкіндігін атап көрсетеді.

Автордың туған халқының тәлім-тәрбиелік бай мұрасын игеру жөніндегі бағыт-бағдары да құптарлық. “Ұлт тәрбиесі – деп жазды ол, – баяғыдан бері сыналып келе жатқан

тастақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесі мен таныс болуға тиіс. Сол ұлт тәрбиесі мен тәрбие қылуға міндетті” деген.

Мағжан орыс педагогикасының атасы К.Д.Ушинскийше, педагогиканың жан сырын терең зерттейтін психология ғылымы мен байланыстыра қарастырып, қазақтың халық педагогикасын ғылыми тұрғыда зерделеп, болашақ ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне қажетті құнды дүниелер қалдырып кеткен.

Сөз соңында айтарым, ұлы ұстаз Мағжан Жұмабаев өз халқының патриоты ретінде оны халқының, ұрпағының болашағына үнемі алаңдаушылық білдіріп, тәрбиенің басты міндеттерінің бірі бала бойында ұлттық сезімдерді жастай қалыптастыру нәтижесінде оларды халықтың рухани байлығымен, мәдениетімен, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрімен кеңінен ұштастыруды аса қажет деп есептеді. Рухани жағынан кеми түскен қазіргі жаңа заманда алашордашылардың, оның ішінде Мағжан Жұмабаевтың еңбектері ұлт тәрбиесін қалыптастыруда бірден бір көмекші құрал болары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы. 1992
2. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық мәселелері және тарихы. – Алматы: Білім, 2004
3. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан-2050», Астана, 2012 жыл
4. С.Сеңкібаев. М.Жұмабаевтың тәрбиелік ілімі – ғасырлар тоғысында

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПРОИЗВЕДЕНИЙ МАГЖАНА ЖУМАБАЕВА В ПРЕПОДАВАНИИ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА

Сураганова Балшекер Байкенжеовна,
Преподаватель ККАТ,
г.Костанай

Аннотация

Мақалада автор Мағжан Жұмабаев шығармашылығын Қазақстан тарихын оқытудағы пайдалану мүмкіндіктерін қарастырады. Материал қоғамдық пән оқытушылары үшін қызығушылық танытады.

Аннотация

В статье автор рассматривает возможность использования творчества Магжана Жумабаева в преподавании истории Казахстана. Материал представляет интерес для преподавателей общественных дисциплин.

Abstract

In the article, the author consider the possibility in using of Magzhan Zhumabayev creativity history of Kazakhstan's teaching. The material may be intireshing for teachers of social disciplines.

Түйінді сөздер: ақын, патриотизм, батыр, тарих, халық, еркіндік, Қазақстан.

Ключевые слова: патриотизм, поэт, батыр, история, народ, свобода, Казахстан.

Key words: the patriot, the poet, the batyr, the history, the nation, the freedom, Kazakhstan.

В своем Послании «Стратегия «Казахстан-2050» - новый политический курс состоявшегося государства» Президент акцентирует свое внимание на формировании нового Казахстанского патриотизма.

Алғы сөз.....	3
Аманжол Күзембайұлы Мағжан Жұмабайұлының «Батыр Баян» жырының тарихилығы.....	4
Ахметов Т.А. Мағжан Жұмабаев – өлең сөздің пайғамбары.....	7
Утегенова Б.М. К вопросу о необходимости изменений в образовательной практике педвуза.....	11
Абдрахманова М.С. Мағжан Жұмабаевтың ойлау ұғымы мен сындарлы оқыту үндестігі.....	14
Айтуарова Л.Н. Патриотическое воспитание как основа формирования духовных ценностей у подрастающего поколения.....	16
Аканбаев Б.Н. Нұркелді П. Эмоционалды күйіп кетудің белгілері және салдары...	19
Аманжол Күзембайұлы, Алибек Т.К., Шақимбаева А.Р. Движение Марал-ишана: характер и идейные основы.....	22
Аманжол Күзембайұлы, А.Сероус Раннесредневековые печенеги.....	26
Аухатова Р. Ж., Мурзагалиева К.З. Мағжан дүниетанымы.....	30
Ашимова Н.Т. Просветительские идеи Магжана Жумабаева и современная образовательная система.....	34
Байжанова С.А., Балгабаева Г.З. Формирование поликультурной личности младшего школьника в условиях модернизации общественного сознания.....	38
Батура Л.В. Некоторые инновационные подходы в преподавании математики в школе.....	43
Батыргалиева Р.Т. Исследование современного урока географии в условиях малокомплектной школы: проблемы и перспективы.....	48
Бегежанова Г.Х. Білім берудегі инновациялық технологиялар.....	50
Болотвина Г.В. Педагогические взгляды Магжана Жумабаева.....	54
Гвиздок Л.В. Великий сын востока.....	57
Геворкян А.Р. Применение элементов дистанционного обучения в учебном процессе колледжа.....	61
Гончар Н.А., Иванова Е.Н. Некоторые особенности отражения педагогических идей М. Жумабаева в современном образовании.....	65
Даулетбаева Г.Б. Мұғалімнің кәсіби бағыттары пәнінің мазмұнындағы талантты және дарынды балаларды оқыту тақырыбын оқыту мәселесіне.....	68
Досмурзина А.К. Инновациялық әдіс-тәсілдерді білім беруде қолдану.....	70
Ермаганбетова А.Ж., Бексултанова Р.Қ. Мағжан Жұмабаев және заманауи білім..	73
Жармухамбетова Ж.К. Балалар әдебиетіндегі Мағжан.....	76
Жумабаева Г.Т. Мағжан Жұмабаев еңбектері- рухани әлемді танудың көзі.....	81
Жумабаева М.А. Актуальность педагогических трудов Магжана Жумабаева в современной образовательной системе.....	83
Иванова Е.Н. Некоторые возможности использования педагогических идей М.Жумабаева студентами в воспитательной работе с учащимися	88
Иванова Е.Н., Лантух Я.С. К вопросу направлений ознакомления студентов с инновационными подходами к обучению учащихся начальной школы.....	91
Ивышева Э.К. Жас ұрпақты рухани құндылықтармен тәрбиелеу жүйесін қалыптастыру.....	95
Ильясов Е.К. Реализация задач духовно-нравственного воспитания на уроках математики.....	98

Ильясова Г.А. Сабақты зерттеу» тәсілі эксперименталдық зерттеудің ерекше нысаны ретінде.....	102
Исетова Б.К. Использование передовых педагогических идей М. Жумабаева при формировании ключевых компетенций учащихся на уроках математики.....	106
Исмагулова К.Б., Симакина И.А. Развитие у детей общечеловеческих ценностей на интегрированных уроках.....	109
Кабденова Ж.М. Мағжан Жұмабаев - жарық жұлдыз.....	112
Калиев Д.Д. Мешітхан А.А. Дебат технологиясы арқылы тұлғаның көшбасшылық қабілеттерін қалыптастыру жолдары.....	116
Калиева А.А. Өскелең ұрпақтың бойында рухани құндылықтарды қалыптастырудың негізгі шарты – тәрбиеші-педагог шеберлігі.....	119
Карамурзина А.Б. Жаңаша үлгідегі сабақты ұйымдастыру – мұғалімнің жеке шығармашылық жұмысы.....	122
Карымсакова Д.Т, Утегенова С.Т. Методика проведения семинарского занятия в системе образования.....	126
Кенжегарина А.Ә., Арыстан Н.Н. Инновациялық білім беру – дамыған ұстаз, дамушы оқушыны қалыптастыру бағыты.....	129
Кокасова Р.К. Мағжан Жұмабаевтың өскелең ұрпақты тәрбиелеуге қосқан үлесі..	133
Қонарбаева Б.Қ. Білім беру тәжірибесіндегі инновациялық тәсілдер.....	135
Куркбасова Г.С. Оқу-тәрбие үдерісінде педагогикалық қарым-қатынастың тиімділігі.....	139
Мурат С. Мағжан Жұмабаевтың өлеңдері - ұлттық рух пен патриоттық тәлім-тәрбиенің қайнар көзі.....	144
Мурзабекова А.Б. Обучение с использованием мобильных устройств как новая система взаимодействия участников образовательного процесса.....	147
Муханова А.М., Биримжанова А.К. Жаңартылған білім-заман талабы.....	149
Нургалиева А.Ж., Бабаченко Л.П. К вопросу о некоторых задачах духовно-нравственного воспитания учащихся общеобразовательной школы.....	152
Нурушева Г.К. Вопросы организации курсов подготовки и переподготовки казахских специалистов в 1920 годы (на основе архивных материалов).....	155
Порошина Т.И. Основные аспекты исследования духовно-нравственных ценностей в контексте социально-гуманитарного знания.....	160
Саметова Н.С. Жас ұрпаққа тәлім-тәрбие мен білім беруді жетілдіру.....	162
Саутпаева А.А., Барамбаева К.А. Білім берудің тиімді түрі.....	165
Сафронова Г.К. Инновационные технологии и подходы в работе социального педагога.....	168
Сембетова Г.С. Өскелең ұрпақтың бойына рухани құндылықтарды қалыптастыруда қазақ әдебиетінің ролі	172
Смолева Н.В. Применение метода джигсо на уроках специальных дисциплин...	175
Сулейменова Қ.Қ. Ұлт мақтанышы – Мағжан Жұмабаев.....	178
Сулейменова Л.М., Шинибекова Г.С. Білім беру тәжірибесіндегі инновациялық тәсілдер.....	181
Султанова А.С. Мағжанның маржан мұрасы.....	185
Сураганова Б.Б. Использование произведений Магжана Жумабаева в преподавании истории казахстана	189
Сыздыкова Қ.К. Білім беру тәжірибесіндегі инновациялық тәсілдер.....	192
Тайкенова А.У. Мағжан Жұмабаевтың ағартушылық идеяларының қазіргі заманғы білім беру жүйесімен үндестігі.....	196
Тортулова А.Ә. Мағжан Жұмабаевтың келешек ұрпаққа салған дара жолы.....	198
Уварина Н.В. Аспекты креативно-прогностического управления в современном образовании.....	200

Уразова Л.И. Внедрение инновационных технологий в образовательную практику-становление конкурентоспособного специалиста.....	204
Фатхудинова И.В. Экологическое образование, воспитание и культура.....	209
Хамзина К.Б. Жастарға ұлттық рухани құндылықтарды қалыптастырудағы тәрбие мәселелері.....	212
Шалгимбекова А.Б., Шамитдинов А.М. Қазіргі заманғы білім беру жүйесіндегі инновация.....	216
Шарипов К.К. Созвучие просветительских идей Магжана Жумабаева современной образовательной системе.....	219
Шолқыбаева Р.М., Жантлесова М.Х. Өскелең ұрпақтың бойында рухани құндылықтарды қалыптастырудың негізгі шарты – тәрбиеші-педагог шеберлігі ...	222
Шолпанбаева Ғ.Ә., Безаубекова А.Д. Мағжан Жұмабаевтың шығармаларындағы ұлттық тәрбие.....	225
Шыныбекова А.Б. Сохранение национальной идентичности через педагогические идеи М. Жумабаева	228
Мнайдарова С.С., Ахманова К.Б. Созвучие просветительских идей Магжана Жумабаева современной образовательной системе.....	231
Көбекова А.Қ Студенттердің көшбасшылығы.....	234
Сауленко Т. Н., Науменко Н. Ю. Этнопедагогика М. Жумабаева и современность.....	239